№12
(4910)
Сенбі
31 қаңтар
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ


1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



2

ЕРІКТІЛЕР – ИГІ ІСТЕР ҰЙЫТҚЫСЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Волонтерлер форумында сөз сөйледі. Президент форумда айтылған ұсыныстарды қолдайтынын және олардың ең пайдалысын жүзеге асыру бойынша тапсырма беретінін мәлімдеді. Мемлекет басшысы конституциялық реформалар бүкіл мемлекеттік жүйені жаңғыртып, билік пен қоғам арасындағы ықпалдастықты күшейтетінін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев ұсынылған түзетулердің өзегінде жауапты әрі жасампаз отаншылдық идеясы жатқанын тілге тиек етті.



Димаш Құдайберген «Қазақстанның шоу-бизнесін халықаралық дәрежеге шығаратын кез келді» деп айтты өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында.


Әйгілі әнші көпшілікті Voice Beyond Horizon халықаралық музыкалық реалити-шоуын қолдауға шақырды.

«Қазақстан шоу-бизнесін халықаралық дәрежеге шығаратын кез келді. Біз енді көрермен емеспіз. Біз сахнамыз. Индустриямызды, туризмді, экономикамызды шоу-бизнес арқылы көтеруге дайынбыз. Осы байқауда жаңа есімдер, жаңа сапа, жаңа көзқарас туады. Бұл шоуды көру – жай көрермен болу емес, Қазақстан шоу-бизнесінің жаңа дәуірін қолдау. Әлем бізді тек талантты деп емес, ықпал ететін мәдени хаб ретінде тануы керек. Сол мүмкіндікті бірге жасайық. Сіздерден тек @voicebeyondhorizon парақшасына тіркеліп, әлеуметтік желілерден қолдау ғана күтеміз. Жаңа қадам құтты болсын!» деп жазды Димаш желіде.

Димаштың жаңа жазбасы 5 ақпанда Hunan TV арнасында шымылдығын түретін Voice Beyond Horizon халықаралық музыкалық реалити-шоуына арналған. Онда Димаш атқарушы продюсер ретінде қызмет етеді.

АҚЫЛДЫ ҚАЛА – АСТАНА

Еліміздің ордасы – Астана әлемнің 50 ақылды қаласының қатарына енді.



Smart Centres Index 2025 ғаламдық индексінде 46-орынға тұрақтаған Астана бірден 6 орын алға жылжыған. Аталған рейтингке сәйкес, ақылды қалалар ішінде әлемдік көшбасшы – Сан-Франциско қаласы. Екінші және үшінші орындарды Цюрих және Лондон қалалары өзара еншіледі. Бұл рейтингте төртінші орында Оксфорд қаласы болса, одан кейінгі кезекте Нью-Йорк қаласы орын алып, үздік бестікті аяқтайды. Ал елуліктер қатарынан көрінген Қазақстан астанасы бұл рейтингте Прага, Варшава, Будапешт, Мәскеу және басқа да көптеген қаланы артта қалдырды. AIFC Insights халықаралық қаржы талдау орталығының дерегінше, Астананың алға озуының басты себебі – цифрлық инфрақұрылымның дамуы және G42 (Presight AI) холдингімен бірге Smart City Astana платформасының енгізілуі. Бұл жобалар қалалық желілердегі жүктемеге болжам жасап, қауіпсіздікті арттыруға мүмкіндік береді.

Астанада бірқатар аялдаманың атауы жаңарды.

* «Сарыкөл көшесі» – «Сағадат Нұрмағамбетов көшесі» (№14, 50, 66);
* «АЗС» – «Кең дала» ТК (№26, 40, 42);
* «Қазмұнайгаз» ҰК – «Қабанбай батыр даңғылы» (№21, 28, 37, 52, 57, 70);
* «Svoy dom» – «№97 мектеп-гимназия» (№26, 27, 40, 42, 501);
* «Строймарт» – «№63 мектеп-гимназия» (№5, 5А, 9, 11, 15, 15А, 28, 44, 47, 48, 60, 64, 71);
* «Сұлукөл көшесі» «Көктал мешіті» (№32) болып өзгерді.



ЕБІМЕН ЕГІП ЕГІНДІ, ЕСЕЛЕП АЛ ӨНІМДІ

6-БЕТ | САРАПТАМА



ХОРЕОГРАФТЫҢ ДАРА ЖОЛЫ

7-БЕТ | ӨНЕРБАЯН

31 ҚАҢТАР
01 АҚПАН

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ

Жәрмеңкеде көкөністер мен жеміс-жидектерді, ет өнімдерін, ұн және сүт өнімдерін, наубайхана тауарларын тиімді бағада сатып ала аласыздар.
Жәрмеңке сағат 10:00-ден 19:00-ге дейін өтеді.
Өтетін орны: «Keryen Joly» сауда орталығы, Алаш тасжолы, 35Б.



№12 (4910) 31/01/2026 Сенбі

AQORDA



ЕРІКТІЛЕР – ИГІ ІСТЕР ҰЙЫТҚЫСЫ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ВОЛОНТЕРЛЕР ФОРУМЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

ҚҰРМЕТТІ ЕРІКТІЛЕР! ҚАДІРЛІ ҚАУЫМ!

Баршаңызға Волонтерлер форумының ашылуы құтты болсын! Бұл – шын мәнінде ерекше басқосу. Бәріңіз де бүгінгі форумға еліміздің әр аймағынан келіп жатсыздар. Мен Сіздерді қоғам игілігі үшін қызмет етіп жүрген Қазақстанның нағыз отаншыл, жасампаз және қамқор жастары деп санаймын. Биыл бүкіл әлем Халықаралық еріктілер жылын атап өтуде. Өздеріңіз білесіздер, бұл бастаманы мен Біріккен Ұлттар Ұйымының 75-сессиясында көтердім. Еліміздің ұсынысы жаһандық ауқымда қолдау тапты. Біз өркениетті ел ретінде күллі адамзатқа ортақ құндылықтарды дәріптейміз, оны келешек ұрпаққа аманат етеміз.

Ерікті болу – игі істер жасау, жақсылық істеп, басқаға үлгі көрсету, Отаныңа адал қызмет ету, туған жеріңе жанашыр болу деген сөз. Ниеті түзу, жаны таза адамдар осы жолды таңдайды, еріктілер қатарына қосылып, қажырлы еңбек етеді. Еріктілерді озық ойлы қоғамның айнасы деп айтсақ, артық болмайды. Нағыз волонтер тұтас қоғамның игілігін ойлайтын, еліміздің мұрат-мүддесін биікке қоятын саналы азамат екені сөзсіз. Осы орайда, бүгін мен барша еріктілерге шынайы алғысымды айтамын.

Сіздер барлық игі істің басы-қасында, халқымыздың арасында жүрсіздер! Еліміздің дамуына елеулі үлес қосып келесіздер. Жаңа ғана бірнеше азамат сөз сөйледі, салмақты ойларын ортаға салды. Ұтымды ұсыныстарын жеткізді. Олардың көбін мен қолдаймын, ең пайдалы ұсыныстарыңызды жүзеге асыруға тапсырма беремін. Халқымыз «Ақыл – жастан» деп бекер айтпаған. Қазақстанның болашағы – осындай белсенді әрі жігерлі ұл-қыздарымыздың қолында. Бәріңізге «Жарайсыздар!» деп айтқым келеді. Қазақ – болмысынан кеңпейіл халық. Қиналған адамға қол ұшын беру – ұлтымыздың бойында бар асыл қасиет. Бабаларымыз жақынына жанашыр болуды, табиғатты аялауды адамгершіліктің белгісі санаған. Әрдайым ынтымақ пен бірлікті сақтап, тату-тәтті өмір сүруді ұрпағына өсиет еткен. Ұлы Абай «толық адам» болудың бір шарты жұртқа жақсылық жасау, шапағатыңды тигізу деген. Сіздер осы өсиетке сай еңбек етіп, «Адал азамат» деген атқа лайықты істерді атқарып жүрсіздер. Әсіресе, сын сағаттарда волонтерлеріміз кез келген шаруаға зор жауапкершілікпен қарап, белсенді жұмыс істеуде. Пандемия кезінде еріктілердің ерлігіне бүкіл ел куә болды. Күрделі кезеңде мыңдаған волонтер алдыңғы шепте еңбек етті. Олар дәрігерлерге, тәртіп сақшыларына, мұғалімдерге, мұқтаж жандарға көмектесті. Алапат тасқын кезінде еріктілер құтқарушылармен бірге ортақ іске атсалысты. Апат күндері 50 мың волонтер табанды жұмыс істеді. Жалпы, мұндай мысалдар аз емес, көп.

Халқымыз «Жақсыны ісінен таны» деген. Сіздер қазақтың мейірбан ұлт екенін іс жүзінде көрсетіп жүрсіздер. Баршаңызға мәлім, мен Мемлекет басшысы ретінде еріктілер қозғалысына ерекше мән беремін. Қазақстан «волонтер болам, қоғамдық іспен айналысам» деген әрбір азаматты қолдайды. Қазір елімізде 1 ұлттық және 20 аймақтық фронт-офис табысты жұмыс істеп тұр. Еріктілердің саны да артып келеді. 2020 жылы Қазақстанда 50 мың волонтер бар еді. Қазір олардың қатары 300 мың адамға жетті. Елге пайдалы жұмыспен айналысатын ұйымдардың саны төрт есеге жуық өсіп, 800-ден асты.

Қазіргі таңда еріктілеріміз экология, білім, мәдениет және басқа да салалар бойынша маңызды бастамалар көтеруде. Соның ішінде «Жас ағаш», «Эко бақылау», «Білім волонтерлері» жобаларын ерекше атап өтуге болады. Осындай іс-шараларға 100 мыңға жуық ерікті қатысты. Әр бастаманың елге, қоғамға берер пайдасы мол. Мен өздеріңіз сияқты жасампаз жастарға зор үміт артамын. Біз бәріміз бір ел болып, ауқымды шаруа атқардық. Енді тоқтамай, тек қана алға қарай жүру үшін заман ағымына сай болу өте маңызды. Сондықтан еріктілер қозғалысын дамытуға қатысты бірнеше өзекті міндетке тоқталайын.

БІРІНШІ. Волонтерлік қызметте жаңа технологияларды кеңінен пайдалану керек. Мен Жолдауымда Қазақстан үш жыл ішінде толық цифрлық ел болуға тиіс деген міндет қойдым. Соған сәйкес нақты жұмыс істеліп жатыр. Ел өмірінің барлық саласына озық технология тәсілдері, әсіресе, жасанды интеллект жүйесі енгізіле бастады. Еріктілер қозғалысы да бұл жұмыстан шет қалмауы керек. Мен волонтердің цифрлық паспортын жасау туралы ұсынысты толық қолдаймын.

ЕКІНШІ. Халықаралық ықпалдастықты арттыру міндеті тұр. Қазақстан БҰҰ Еріктілер бағдарламасына атсалысып келеді. Бұл біздің азаматтарымызға жаһандық волонтерлік құрылымдарда бірегей тәжірибе жинақтауға мүмкіндік береді. Еріктілеріміздің осы бағдарламаға алдағы уақытта да қатысуын қамтамасыз ету маңызды. Тәжірибе алмасуға және халықаралық деңгейдегі волонтерлік Халықаралық еріктілер жылы «Орнықты келешек үшін бірге!» ұранымен өтуде. БҰҰ қолдауымен Астанада биыл сәуір айында өтетін Өңірлік экологиялық саммиті аясында волонтерлер үшін арнайы сессия ұйымдастыру жоспарланып отыр. Бұл іс-шара экология саласындағы үздік волонтерлік жобаларды жүзеге асыруға ықпал етпек. Бұдан бөлек, Каспий теңізіндегі іс-қимыл апталығы мен Арал маңындағы табиғатты қалпына келтіру жөніндегі халықаралық волонтерлік апталық өткізу көзделген. Аталған жиындарға түрлі мемлекеттерден еріктілер шақырылады. Кең байтақ өңіріміздің қайталанбас экожүйесін сақтауға бағытталған бұл бастамаларды қолдаймын.

ҮШІНШІ. Азаматтардың экологиялық мәдениетін арттыру қажет. Бұл – өркениетті қоғамға тән өте маңызды құндылық. Бүгінде еріктілер елді мекендерді көркейтуге белсене атсалысып жүр. Олар былтырдың өзінде «Таза Қазақстан» аясында өткен 1300-ден астам іс-шараға қатысты. Сондай-ақ волонтерлер ағартушылық сипаттағы түрлі бастамаға ұйытқы болды. Осындай игі істер арқылы елімізде жаңа экологиялық мәдениет қалыптасып жатыр. Бұл бағыттағы жұмысты күшейте түсу керек, себебі экологиялық мәдениеттің жоғары болуы – кез келген елдің озықтығы мен жасампаздығының айқын көрінісі. Ал Қазақстан ең дамыған елдердің қатарында болуы қажет, бұл – біздің ұлттық стратегиямыздың аса маңызды бөлігі. Әсіресе, кәсіби эковолонтерлерді даярлап, әр аймақта тұрақты ұжымдарды жасақтау өте маңызды. «Таза Қазақстан» қозғалысын ұлттық идея және мемлекеттік саясат ретінде міндетті түрде кеңінен дәріптеп, жалғастыру қажет.

ТӨРТІНШІ. Волонтерлікті дамыту үшін мемлекет деңгейіндегі жаңа жүйелі шаралар қажет. Биыл еріктілер ісін дамытуға арналған үш жылдық Жол картасын іске асыру мерзімі аяқталады. Сондықтан Үкімет 2030 жылға дейінгі кезеңді қамтитын жаңа мазмұнды құжат әзірлегені жөн. Бұған дейін қабылданған шаралардың тиімділігіне баға беру және Қазақстанның халықаралық міндеттемелеріне сай волонтерлік қозғалысты нығайту үшін қосымша ынталандыру тетіктерін қарастыру маңызды.

БЕСІНШІ. Корпоративтік еріктілер қозғалысын дамыту – өте маңызды міндет. Бизнес әлеуметтік жауапкершілікті сезіне білуге тиіс. Мемлекетіміз ұлттық буржуазияны үнемі қолдауда, ал біздің кәсіпкерлер халқымызға қамқор болып, әрдайым көмектесуі керек. Тарихта мұндай мысалдар аз емес. Бақуатты азаматтар мектеп салып, оқу-ағарту ісін дамытуға үлес қосқан. Кітаптар, газет-журналдар шығаруға, халықтың сауатын ашуға зор еңбек сіңірген. Бір сөзбен айтқанда, ұлттың бойында, болмысында жаңа қасиеттер қалыптастыруға белсене атсалысқан.

Халықтан келіп түскен ұсыныстарды жүйелеп, жинақтау үшін Конституциялық комиссия құрылды. Оның құрамына барлық аймақтың өкілдері мен түрлі санаттағы азаматтар, халық қалаулылары, орталық атқарушы органдардың басшылары, құқықтанушы ғалымдар, тіл мамандары және белсенді жастар кірді. Қоғам өкілдерін қамту ауқымы, кәсібилік пен азаматтық жауапкершілік тұрғысынан алғанда, мұндай комиссия елімізде бұрын-соңды болмаған деп сеніммен айтуға болады. Комиссия жұмысы еліміздің қоғамдық-саяси өміріне тың серпін берді. Комиссия мүшелері конституциялық реформаға қатысты әр мәселені егжей-тегжейлі қарап, жан-жақты талқылап, ауқымды жұмыс атқарып жатыр. Осыған дейін комиссияның 5 отырысы өтті. Оның бәрі әлеуметтік желіде тікелей эфирден көрсетіліп, ақпарат құралдары арқылы кеңінен таратылды. Мен талқылау барысын мұқият қадағалап отырмын. Осы орайда, Ата Заңымызға қатысты көптеген прогрессивті, инновациялық ұсыныс берілді деп сеніммен айта аламын. Түптеп келгенде, мұның бәрі еліміздің Ата Заңына негіз болады. Бұл әлемде қалыптасқан қазіргі күрделі кезеңде біртұтас Қазақстан халқына бағыт сілтейтін маңызды құжатқа айналады деп сенемін.

Конституция – кез келген елдің ең басты жол көрсететін құжаты, темірқазығы. Конституцияны бәріміз білуіміз керек, бағалауымыз қажет. Сондықтан егер болашақта Конституцияға қандай да бір өзгерістер, тіпті, шағын өзгерістер енгізу керек болып жатса, ондай қадамды тек референдум арқылы ғана жасауға болады деген ойдамын. Бұл да халқымыздың азаматтық құқығын күшейтудің маңызды тәсілі деп сенемін. Тағы бір айта кететін маңызды жайт: комиссия Конституцияға қатысты ұсыныстың бәрін мұқият саралап шықты. Мұқият ойластырылған түзетулер Конституцияның барлық негізгі бөлімдері мен баптарын, преамбуласын түгел қамтитын болады. Кешегі отырыстағы пікірталаста комиссия мүшелері «Ата Заңға енгізілетін өзгерістер ауқымына қарасақ, жаңа Конституция қабылдауымыз керек» деген байлам жасады. Шын мәнінде, ұсынылған түзетулер жобасы елді институционалдық-құқықтық тұрғыда жаңғыртумен ғана шектелмейді. Сонымен бірге бұл қадам тұтас мемлекеттік жүйені қайта түзуге жол ашады. Түбірімен өзгерген мүлдем жаңа құжаттың бейнесі қалыптасты.

Ата Заңымызда жарқын болашаққа нық қадам басқан бүгінгі Қазақстанның тұғыры әбден бекіген мемлекет ретіндегі идеалдары, қағидаттары мен басымдықтары көрініс табады. Әрине, қолданыстағы Ата Заң Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде дамуына елеулі үлес қосты. Мұны ешкім жоққа шығармайды. Сондықтан былтырғы 30 тамызда Конституцияның 30 жылдығын кеңінен атап өттік. Комиссия мүшелері ұсынған заңнамалық ережелерде адам құқықтары бәрінен жоғары тұратыны және адам капиталы ең қымбат құндылық екені айқын көрсетілген. Сондай-ақ әр азаматтың өз әлеуетін іске асыруға теңдей мүмкіндік беретін әділ қоғам құруды көздейді. Ғылым-білім, инновация салаларын дамытудың маңызына ерекше назар аударылып отыр. Жаңа тарихи кезеңде еліміздің цифрлық дәуірге бейімделуі жеткіліксіз. Жасанды интеллект және басқа да озық технологиялар біздің қоғамға қызмет етуі қажет. Сондықтан даму көшінің бағытын нақты айқындауымыз керек. Ата Заңымызда адамгершілік құндылықтарды ерекшелеп, бөлек жазу ұсынылды. Бұл да өте маңызды. Басқаша айтқанда, адам жасанды интеллектіге қызмет етпейді, керісінше, адамзаттың ақыл-ойынан туындаған жасанды интеллект тұрмыс-тіршіліктің барлық саласында толайым табысқа жетуі үшін азаматтарға көмектеседі.

Конституцияда гуманитарлық құндылықтарды қалыптастыру маңызды деп санаймын. Атап айтқанда, жалпыұлттық бірегейлікті нығайтуға, табиғатты аялауға басымдық беру жөнінде сөз қозғап отырмыз. Бұл мәселе бүгінгі баяндамашылардың сөзінде қамтылды. Идеяларыңызды қолдаймын. Сонымен қатар бай мәдени мұрамызды сақтауға, дәріптеуге бағытталған волонтерлеріміздің қызметін де қуаттаймын. Конституцияға енгізілетін өзгерістер еліміздің дамуын жаңа әрі сапалы деңгейге көтереді. Бүкіл мемлекеттік жүйені қайта құрып, билік пен қоғамның ықпалдастығын жетілдіре түседі. Ұсынылған түзетулердің ішінде жауапты әрі жасампаз отаншылдық туралы идея бар. Патриотизм құр ұран емес. Бұл қасиетті ұғымға жауапкершілікпен қараған абзал. Мен бұл жайында жақында өткен Ұлттық құрылтай отырысында айтқан болатынмын.

Отаншыл азамат дегеніміз – жауапкершілігі жоғары және жасампаз азамат. Мен еліміздегі әрбір еріктіні – баршаңызды дәл осындай нағыз отаншыл азаматтар деп санаймын. Жауапты әрі жасампаз патриотизм идеясы әрбір волонтердің жанына жақын. Менің бұған еш күмәнім жоқ. Әрбір азамат өзінің және қоғамның игілігі жолында күнделікті адал еңбек етіп, әлемді жақсарта түсуге ұмтылуға тиіс. Отанға деген шынайы сүйіспеншілік – осы. Танымал қоғам қайраткері пастор Мартин Лютер Кинг «I have a dream», яғни «Менің де арманым бар» деген еді. Сондықтан «мына әлемді жақсарта түсемін» деп армандаңыздар. Мұраттарыңызға жетесіздер деп ойлаймын.





ЭНЕРГИЯ ТАПШЫЛЫҒЫ БОЛМАЙДЫ

Премьер-министр Олжас Бектенов Павлодар облысына жұмыс сапары барысында Мемлекет басшысының энергетикалық қауіпсіздікті нығайту, көмір генерациясын дамыту және экономика мен халықтың өсіп келе жатқан қажеттіліктерін жабу үшін жаңа қуаттарды іске қосу жөніндегі тапсырмаларының орындалуын тексерді. Тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерінің тұрақты жұмысын және энергетика мен көмір өндіруде цифрлық шешімдер енгізу мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Сапар аясында Олжас Бектенов өңірдің энергетикалық инфрақұрылымының дамуымен танысты. Павлодар облысы – электр энергетикасын өндіру мен дамытудың флагманы. 2025 жылы өңір елдегі жалпы көрсеткіштің 42%-ын өндірді. Екібастұздағы бірқатар энергетикалық нысан, атап айтқанда, 1-МАЭС, 2-МАЭС, «Богатырь көмір» ЖШС көмір кеніші мысалында жұмысының ағымдағы тиімділік көрсеткіштері мен энергия кешенін одан әрі дамыту перспективалары қаралды.

Премьер-министрге еліміздегі қатты отынмен жұмыс істейтін ең ірі стансa – Болат Нұржанов атындағы Екібастұз 1-МАЭС алаңында нысанды жаңғырту барысы туралы баяндалды. Отынмен қамтамасыз ету жүйесін реконструкциялау, жаңа түтін құбырын салу, кейін ескісін бөлшектеу – өңірді энергиямен қамту сенімділігін арттырудың негізгі элементтерінің бірі. Сондай-ақ өңірдегі генерациялық және желілік инфрақұрылымды дамыту жөніндегі жобалар, оның ішінде қуаты 325 МВт Ақсу МАЭС-тегі №7 энергоблокты реконструкциялау, жекелеген энергия көздерін жаңғырту, сондай-ақ заманауи технологияларға негізделген жаңа жобаларды әзірлеу және баламалы энергияны дамыту жобалары таныстырылды.

Энергетика министрі Ерлан Ақкеновтің айтуынша, биыл Қазақстанда шамамен 2,6 ГВт жаңа қуат көзін, оның ішінде 2427,6 МВт газ жобаларын және 245,8 МВт ЖЭК-ті іске қосу жоспарланып отыр. Барлығы 13 жоба, оның ішінде Текелі энергокешені, Атырау ЖЭО, Түркістан облысында, Алматы қаласында бу-газ қондырғылары және т. б. жобалар іске асырылады.

Павлодар облысының әкімі Асайын Байханов 2025-2026 жылдардағы жылу беру маусымының барысы туралы баяндады. Энергия көздеріндегі негізгі 46 жабдықта жөндеу жұмыстары аяқталып, 37,1 шақырым жылу желілері жаңғыртылды, бұл жылу жүйелерінің қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз етіп, тозу деңгейін 1,5%-ға төмендетуге мүмкіндік берді. Екібастұз 2-МАЭС-тің құрылыс алаңында Премьер-министр стансаны кеңейту және реконструкциялау жобасының жүзеге асырылу барысымен танысты. Бүгінгі таңда мұндағы энергия қуаты 1 ГВт-ты құрайды. №3 және №4 энергия блоктарын салу стансаның қуатын 2,1 ГВт-қа дейін арттыруға мүмкіндік береді. «Самұрық-Энерго» АҚ басқарма төрағасы Қайрат Мақсұтов аталған блоктар 2028 жылғы қыркүйекте (№3 энергоблок) және 2030 жылғы қыркүйекте (№4 энергоблок) пайдалануға берілетінін баяндады. Кеңейту жобасын жүзеге асыруға салынатын инвестициялардың жиынтық көлемі 1,2 трлн теңгеден асады. 3-МАЭС құрылысының жобасы бойынша қуат көздерін кезең-кезеңімен енгізе отырып, «таза көмір» технологиясы негізінде жалпы қуаты 2,64 ГВт болатын жаңа көмір генерациясын құру жоспарланып отырғаны атап өтілді.

«Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайда қуат көздерінің жеткілікті болуын қамтамасыз етуді мемлекеттік саясаттың аса маңызды бөлігі ретінде қарастыру қажет екенін атап өтті. 2-МАЭС-тің қосымша энергия блоктарын іске қосу және 3-МАЭС-тің құрылысын бастау бұл барлық экономикаға серпін береді. Біз біртіндеп энергия тапшылығын жойып, отандық бизнеспен қатар инвесторлар үшін де қажетті энергия қуаттарын ұсынуға мүмкіндік аламыз» деп атап өтті Олжас Бектенов.

Сондай-ақ Премьер-министр «Богатырь көмір» ЖШС карьерінде болып, ашық тәсілмен көмір өндіру процесімен танысты. Бұл – аумағы 43 шаршы шақырым, тереңдігі 300 метр болатын әлемдегі ең ірі разрез. Кәсіпорын «Богатырь» және «Северный» сынды екі кеніште көмір өндіреді. Қазіргі уақытта өндірістік процестерді автоматтандыру кезеңін іс жүзіне асыру аяқталды. Бұл бағыттағы дамудың келесі кезеңі ЖИ мүмкіндіктерін қолдану болмақ. Осы мақсатта ЖИ элементтері бар екі жоба жоспарланған, олар – «Жүк ағынын оңтайландырушы» және «Тау-кен жұмыстарын жоспарлау» қосымшалары. Бүгінгі таңда «Богатырь көмір» ЖШС – еліміздің жетекші көмір өндіруші активтерінің бірі: Қазақстандағы көмір өндірісінің жалпы көлемінің 38%-ы кәсіпорынның үлесіне тиесілі. Оның қоры – 2,3 млрд тоннадан астам, бұл көмірмен ұзақ уақыт бойы тұрақты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бас директор Евгений Мастернак өндіріс көлемін ұлғайту жоспарлары туралы хабарлады. Қазіргі уақытта «Богатырь» және «Северный» кеніштерінің жалпы өндірістік қуаты жылына 42 млн тоннаны құрайды. 2026 жылға арналған нысаналы көрсеткіш – 45,2 млн тонна, 2032 жылға қарай оны 56,5 млн тоннаға дейін жеткізу жоспарлануда. Алдағы 7 жылда жаңа құрылыс салуға, жабдық сатып алуға, реконструкциялауға, жаңғыртуға және жөндеуге шамамен 360 млрд теңге инвестициялану-ы атап өтілді. Премьер-министрге кәсіпорында жүзеге асқан цифрлық шешімдер туралы ақпарат берілді.



ИДЕЯЛЫҚ ҚАҒИДАТТАРҒА ТОҚТАЛДЫ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Конституцияға енетін жаңа өзгерістерде «Халық үніне құлақ асатын мемлекет», «Заң мен тәртіп», «Таза Қазақстан» сынды негізгі идеялық қағидаттарды нормативтік тұрғыда бекіту көзделген. Бұл туралы Конституциялық комиссия мүшесі, Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек айтты.

«Ата Заңымыздағы «Заң мен тәртіп» қағидатын Әділетті Қазақстан идеясын нығайтудың негізгі шешімі деп санаймын. Бүгінде әлем жұрты Қазақстанды азаматтардың құқығы мен бостандығын мүлтіксіз сақтауға айрықша басымдық беретін ел деп таниды. Бұл бастама болашақ ұрпақ үшін бірлік пен ынтымақты, этносаралық және конфессияаралық келісімді одан әрі сақтаудың берік іргетасына айналады» деді Жеңіс Қасымбек Конституциялық реформалар комиссиясының V отырысында.

Елорда әкімі көптеген елде дамудың негізгі факторы заң үстемдігі мен тәртіптің сақталуымен байланысты екенін атап өтті. Азаматтары өзінің заң алдындағы қатаң жауапкершілігін түсінеді және заң мен тәртіпке бағыну мәдениетін қатаң ұстанады. Мұндай елдер әлемдегі ең қауіпсіз мемлекеттердің қатарында, ал адамдары мемлекеттік институттарға толықтай сенеді.

2023 жылы Мемлекет басшысы көтерген «Таза Қазақстан» идеясы да ел азаматтарының өмір салтына айналды.

«Бұл қағидатты негізгі постулаттардың бірі ретінде енгізу азаматтардың қоршаған орта мен болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілігін қалыптастырады. «Таза Қазақстан» – тек қоршаған ортаға қамқорлық қана емес: ой мен сөздің тазалығы, іс-әрекеттегі жауапкершілік, заңға және қоғамдық құндылықтарға деген құрмет, күнделікті өмірде мәдениетті сақтау деген сөз» деді Жеңіс Қасымбек.

Сонымен бірге Жеңіс Қасымбек әр адамды құндылық ретінде бағалайтын «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасына да ерекше тоқталды.

«Жергілікті мемлекеттік органдар жұмысының жемісті болуы халықпен жүйелі байланысты талап етеді. Тәжірибе көрсеткендей, тұрғындармен тұрақты және конструктивті диалог орнату – аймақтарды кешенді дамытудағы негізгі фактордың бірі. Осыған орай, аталған ұсыныстардың бекітілуін қолдаймын» деді Жеңіс Қасымбек.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Құрметті елорда тұрғындары! Астана қаласының мәслихаты 2026 жылғы ақпан айында «Астана қаласы Ішкі саясат басқармасының мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асыру жөніндегі қызметі және халықты қаланың мемлекеттік органдары мен қызметтерінің жұмысы туралы ақпараттандырудың тиімділігі туралы» тақырыбына көпшілік тыңдаулар өтетіні туралы хабарлайды.

Көпшілік тыңдаулардың қарауына енгізілген мәселе бойынша ескертулеріңіз бен ұсыныстарыңызды Астана қаласы мәслихатының аппаратына 55-66-36, 55-66-31 телефондары және astana@maslihat01.kz электрондық поштасы арқылы жолдауларыңызды сұраймыз.

Т.ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

ОҚУШЫНЫҢ ЗЕЙІНІ МЕН БЕЙІМІ

Қадыр Мырза Әлі атындағы Binom school мектеп-лицейінде «PBL&AI: оқу сауаттылығының жаңа траекториясы» атты республикалық ғылыми-әдістемелік конференция өтті. Іс-шараға еліміздің әр өңірінен келген педагогтар, әдіскерлер, білім саласының сарапшылары қатысты.

Шапағат ӘБДІР

Конференция аясында «Қалдықтан – құндылыққа: PBL, STEAM, AI» атты шығармашылық көрме ұйымдастырылып, онда оқушылардың жобалары қойылып, экологиялық ойлау мен технологиялық шешімдердің нақты нәтижелері көрсетілді. Ал спорт залында өткен «Binom MODX: эко-сәннің жаңа форматы» көрсетілімі көрерменнің ерекше қызығушылығын тудырды. Негізгі бөлім «PBL&AI: білім мен тәжірибе тоғысында» атты пленарлық сессиямен басталды. Жиынды Binom school директоры Сәтжан Омаров жүргізді. Сессия барысында Оқу-ағарту министрлігі Орта білім беру комитетінің басқарма басшысы Асыл Түймебаев, BI Education өкілдері, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен тәжірибелі мектеп педагогтары сөз алып, жасанды интеллект дәуіріндегі функционалдық сауаттылықтың мәні мен жобалық оқытудың әлеуеті туралы ойларымен бөлісті.

– Қазіргі таңда жасанды интеллект дәуірінде ақпарат табу қиын емес, басты мәселе – тұтынушының сол ақпаратты қалай және қандай мақсатта пайдаланатынында. Сондықтан негізгі міндет – дұрыс ойлай алатын, ақпаратты саралап, тиімді қолдана білетін оқушы қалыптастыру. Жасанды интеллектіні дұрыс әрі орынды пайдалану оқу сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Бүгінде елімізде оқу үдерісінде жасанды интеллект құралдарын қолдануға тыйым салынбаған. Алайда оны педагогикалық мақсатта пайдалану кезінде білім алушылардың жас ерекшелігі мен қауіпсіздік талаптары қатаң сақталуы тиіс, – деді А.Түймебаев.

Спикерлер жасанды интеллект – мұғалімді алмастыратын құрал емес, керісінше, педагогтың әдістемелік мүмкіндігін кеңейтетін серіктес екеніне баса назар аударды. Әсіресе «ЖИ – цифрлық әдіскер» және «Жасанды интеллект – оқу үдерісінің айнасы», «Жасанды интеллект дидактикасы: заманауи білім беру моделі» сынды түрлі тақырыпта жасалған баяндамаларда жасанды интеллект дәуірінің жаңа қадамы айқындалды.



№12 (4910) 31/01/2026 Сенбі

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТ – БАСТЫ ҰСТАНЫМ



Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ

Жемқорлықтың алдын алу мақсатында Мемлекеттік қызмет істері агенттігінде адалдық идеологиясын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті ілгерілетудің жаңа тәсілдері талқыланды. Іс-шараға азаматтық қоғам өкілдерімен қатар Парламент депутаттары, Қазақстан халқы ассамблеясының өкілдері, академиялық қауымдастық және бұқаралық ақпарат құралдары қатысты.

Жиын барысында халық арасындағы жемқорлықты қабылдау деңгейінің өткен жылмен салыстырғанда 32,9%-дан 31,9%-ға дейін төмендегені айтылды. Ал қылмыстық қудалауға тартылған мемлекеттік қызметшілердің үлесі 2023-2024 жылдардағы 0,4%-дан 2025 жылдың қорытындысы бойынша 0,3%-ға дейін қысқарған.

Басқосуда агенттік төрағасы Дархан Жазықбай баяндама жасап, Мемлекет басшысының «Turkistan» газетіне берген сұхбатында айқындаған сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және адалдық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған саясат аясында іске асып жатқан превентивтік шаралардың басымдығын атап өтті.

– Іс-шараның басты мақсаты – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша барлық мүдделі тараптармен ашық әрі сындарлы диалог жүргізу, пікір алмасу және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша ортақ тәсілдерді айқындау. Сондай-ақ «Заң мен тәртіп», «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» және «Адал азамат» қағидаттарын Әділетті Қазақстанды қалыптастырудың институционалдық негізі ретінде жүйелі түрде нығайтудың маңызы болып тұр. Осы тұрғыда «Қоғамдық пікір» институты жүргізген әлеуметтік сауалнама нәтижелері сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бағытындағы жұмыстың азаматтардың құқықтық санасының артуына ықпал етіп, қоғамдық бағалауда оң өзгерістерге әкелетінін айтқым келеді, – деді ол.

Іс-шараның қорытындысы бойынша қатысушылар жемқорлыққа қарсы тұрақты мәдениетті қалыптастыру мектеп ортасынан бастап, отбасылық және қоғамдық кеңістікті дәйекті түрде қамтитын жүйелі және ұзақ мерзімді сипатта болуы тиіс деген тұжырым жасап тарқасты.

САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕР НЕНІ БІЛУІ КЕРЕК?

2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанда жаңа Салық кодексі қолданысқа енді. Осыған орай, Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап жаңа Салық кодексін енгізу шеңберінде арнаулы салық режимдері, оның ішінде тіркелген шегерім, бөлшек салық және басқа да режимдердің жойылғанын хабарлайды.

Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

– 2025 жылы арнайы салық режимдерін қолданған және 2026 жылғы 1 қаңтар мен 28 ақпан аралығында қызметін тоқтату туралы шешім қабылдаған салық төлеушілер жойылған арнайы салық режимдері бойынша осы тәртіп түріне көшудің себебі, яғни «Ерікті түрде шешім қабылдау» туралы көрсетілуі қажет. Таңдалған режимді қолданудың басталу күні – 2026 жылғы 1 қаңтар.

– Қызметті тоқтатуды рәсімдеу үшін салық төлеуші қызметті тоқтату туралы салық өтінішін бергеннен кейін таратылған салық есептілігін тапсыру керек.



салық есептілігінің нысандары қолжетімсіз екенін ескеруі қажет. Қызметті тоқтату үшін салық төлеуші азамат бірнеше әрекетті орындау қажет. Ол үшін алдымен салық есептілігін ұсынады, яғни 2025 жылдың төртінші тоқсаны немесе 2025 жылдың бірінші жартыжылдығы үшін қолданған салық режиміне байланысты «Кезекті» түрінің белгісі бар декларация тапсыруы керек, – деді Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті түсіндіру жұмысы басқармасының басшысы Қымбат Исенова.

Айтуынша, қызметті тоқтату үшін салық төлеуші азамат қолданылатын салық салу режимі туралы хабарлама ұсынады. Хабарламаның екінші бөлімінде «Оңайлатылған декларация негізінде АСР-ға» немесе «Жалпыға бірдей белгіленген тәртіпке» көшу және Салық есептілігі оңайлатылған декларация негізіндегі АСР қолданылған жағдайда, 2026 жылдың бірінші тоқсаны үшін, яғни 2026 жыл үшін тапсырады. Қажет болған жағдайда, қызметті тоқтату үшін талап етілетін өзге де құжаттарды ұсынады, – деді басқарма басшысы.

Сонымен бірге салық салудың қолданылатын режимі туралы уақытылы берілген хабарлама болмаған жағдайда, қызметті тоқтату туралы салықтық өтініш қабылданбайды. Толығырақ ақпарат алу үшін 1414/3 нөміріне хабарласуыңызға болады немесе өзіңізді толғандырған барлық мәселеге жауапты @astana_mkd_dgd_astana Instagram парақшасынан ала аласыздар.

ЖАҢА МАМАНДЫҚТЫ МЕҢГЕРДІ

Joltap жобасы – жұмыссыз немесе жаңа бағытта дамығысы келетін азаматтарға арналған әлеуметтік бастама. Мұнда қатысушылар бүгінде сұранысқа ие бағыттарда әртүрлі мамандық бойынша тегін курстарды оқып, жаңа кәсіпті меңгеру арқылы табыс тауып жүр.

Жоба аясында курстан өткендердің бірі – 36 жастағы астаналық Әсел Нүсіпова.

«Мен қазір бала күтіміне байланысты демалыстамын. Негізгі мамандығым – киім дизайнері. Елордадағы ательелер мен киім фабрикаларында жұмыс істедім. Ал бала күтімі демалысы уақытында әлеуметтік желіден Joltap жобасы жайлы естідім. Бірден ресми парақшасына өтіп, оқытатын мамандықтардың тізімін көріп, қуанып кеттім. Содан үйімізге жақын орналасқан «Баршаға мүмкіндік» модульдік пунктіне барып, ұнаған курсыма жазылдым» деді жобаға қатысушы.

Ол сайт жасау бойынша сайт құрастыру, дайын платформалармен жұмыс істеуді және т. б. маңызды әрі қажетті дүниелерді меңгерген.



«Бүгінде бизнестің қандай түрі болмасын әлеуметтік желідегі парақшаларды дұрыс жүргізе білу қажет. Сондықтан мен жоба арқылы екінші мамандық – SMM курстарын да оқып алдым. Мұнда біз парақша жүргізу, контент жоспарлау, аудиториямен жұмыс, жарнама негіздерін және т. б. үйрендік» деді ол.

Елордалық келіншек оқу барысында теорияны практикамен ұштастырып, түрлі тапсырма орындаған. Сөйтіп, өзінің шағын жобаларын жасап, портфолиоға жинақтаған. Айтуынша, оқытушылар – өз саласы бойынша жұмыс істеп жатқан көпжылдық тәжірибесі бар мамандар. Әр тақырыпты өзінің күнделікті қызметінде кездескен дүниелермен байланыстырып түсіндіргенін, осылайша сабақтар өте қызықты өткенін айта келе, жобаның көпшілікке пайдасы мол екенін, себебі мұнда ұнатқан бағыт бойынша жаңа мамандықты тегін үйренуге болатынын, көп уақыт практикаға жұмсалатындықтан қатысушылар нақты дағдыларды меңгеретінін, сондай-ақ кәсіби мамандарға сұрақтарын қойып, пайдалы кеңестер алғанын атап өтті. Осындай жобаны өткізіп отырған ұйымдастырушыларға алғысын да жасырмады. Бүгінде ол мамандығы бойынша жұмыс істеп, табыс тауып жүр.

«Joltap жобасы қазіргі таңда астаналықтарға жаңа мүмкіндік сыйлап, еңбек нарығында өз орнын табуына жол ашып отыр. Әсіресе тегін білім алып, сұранысқа ие кәсіптерді игеремін деушілер үшін таптырмас мүмкіндік» деді Әсел Әбдімәліққызы.

КӘСІПКЕРЛЕРМЕН ЖҰМЫС КЕҢЕСІ

Астана қаласы Сарыарқа ауданында кәсіпкерлердің, базарлар мен сауда-ойын-сауық орталықтары басшыларының қатысуымен жұмыс кеңесі өтті. Іс-шараға Астана қаласы Сарыарқа ауданы бойынша Төтенше жағдайлар басқармасының, сондай-ақ Астана қаласы Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының өкілдері қатысты.

Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ

Кеңес барысында қатысушыларға Қазақстан Республикасының жаңартылған Салық кодексіндегі өзгерістер, өрт қауіпсіздігі талаптары, сондай-ақ міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне қатысу тәртібі жөнінде жан-жақты ақпарат берілді. Жиынға Астана қаласы Сарыарқа ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы басшысының орынбасары, Астана қаласы Сарыарқа ауданы Төтенше жағдайлар басқармасының басшысы және Астана қаласы бойынша Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының бөлім басшысы қатысты. Сонымен қатар аудан аумағындағы 7 базардың және 20-дан астам сауда-ойын-сауық орталықтарының өкілдері талқылауға белсенді атсалысты.

«Біз үшін заң талаптарын жеткізумен шектелмей, кәсіпкерлермен ашық әрі түсінікті диалог орнату маңызды. Осындай кездесулер мәселелерді ертерек анықтап, заң бұзушылықтардың алдын алуға және кәсіпкерлердің өз міндеттемелерін нақты түсінуіне мүмкіндік береді. Бұл – мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдаудың бір көрінісі» дейді Астана қаласы Сарыарқа ауданы әкімдігі аппараты кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Әділ Жанкин.



Кеңес барысында кәсіпкерлер заңнама талаптарына қатысты өздерін толғандырған сұрақтарын тікелей сала мамандарына қойып, нақты әрі практикалық түсіндірмелер алу мүмкіндігіне ие болды.

№12 (4910) 31/01/2026 Сенбі

ЕСІРТКІМЕН КҮРЕС ҮЗДІКСІЗ



Қай елде болсын қоғам дерті – нашақорлық. Соған апаратын есірткі бизнесімен күрес елімізде, соның ішінде елордада да тоқтаусыз жүргізіледі. Былтыр Астана қаласы Полиция департаменті Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкерлері заңсыз есірткі айналымына қатысты 1100-ден астам құқықбұзушылықты анықтаған. Жыл бойы атқарылған жұмыстар мен есірткінің жаңа түрлерінің қаупі туралы аталған басқарманың бөлім бастығы, полиция подполковнигі Әлия Қибатқызы айтып берді.

– Заңсыз есірткі айналымы мен нашақорлықтың алдын алу – бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі. Осы ретте басқарма тарапынан қандай жұмыстар атқарылады?

– Мемлекет тарапынан жүктелген жоспарлы жұмыстар мен міндеттер бар. Соған байланысты 2026-2028 жылдарға арналған Нашақорлықтың алдын алу және есірткі бизнесіне қарсы іс-қимылға бағытталған кешенді жоспар және елорда бойынша «Астана – есірткісіз қала» атты іс-шаралар жоспары да жүзеге асырылуда. Былтыр біздің қызметкерлер анықтаған фактілер – тек сан емес, әр құқықбұзушылықтың артында сан мыңдаған адамдар тағдыры тұр. Сондықтан тағы бір үлкен бағытымыз – нашақорлықтың алдын алу және халық арасында, әсіресе жастар ортасында есірткіге сұранысты азайту. Былтыр заңсыз айналымнан 460 кг-нан астам әртүрлі есірткі заттары тәркіленді. Оның ішінде апиындық тектес заттар, марихуана, гашиш, героин және тағы да басқа түрлері болса, 46 келісі – синтетикалық есірткі заттары. Осыдан 6-7 жыл бұрын елімізге заңсыз есірткі бизнесі баса-көктеп кіріп келді десе болады. Ал әр елден синтетикалық есірткінің келгеніне көп болған жоқ. Басқа есірткі түрлері үшін өзге елдерге бару керек болса, өкінішке қарай, синтетикалық түрін өзімізде зертханада жасаушылар көбейді. Ол карантин кезінде күшейді. Біз соңғы 3 жылда сондай синтетикалық есірткі жасайтын 8 зертхананы анықтап, қылмыстың жолын кестік. Олар заманға қарай сату жолдарын да дамытуда. Бұрын есірткіні қолма-қол сатқан болса, қазір интернет желісі арқылы сатады. Әртүрлі әлеуметтік желілер арқылы тарату, әсіресе соған жастарды тарту жолдары көбейді. Өткен жылы 2500-ден астам есірткі заттарын таратумен айналысатын сайттарды бұғаттауға жолдадық. Көбіне олар есірткі айналымы үшін карта шоттарына ақша жолдайды, сол карталарды бұғаттаумен де айналысып жатырмыз.

– Жастардың бұған жеңіл ақша табу мақсатында тез келісетіні белгілі. Оның салдары қандай ауыр боларын білмей ме ?

– Өкінішке қарай, жастарға бұл бизнесті көп ұсынады. Есірткі бизнесін көбіне 18-35 жас аралығындағы азаматтар көп жасайды. Олар оңай ақша табу үшін тек бір рет көремін деп ұсталады. Көбі қылмыс екенін білмейді. ҚР Қылмыстық кодексінің 299-1 бабы бойынша үйлердің сыртына, жылу трассаларының бойына, тағы басқа жерлерге есірткі сату сайттарының сілтемесін жазғаны үшін ғана 3-6 жыл бас бостандығынан айыру көзделген. Кейбірі біліп барады, оларға жұмасына 1000-2000 АҚШ доллар ұсынылады, бірақ бұл соманы жастар алмайды. Есірткі бизнесімен айналысу ауыр және аса ауыр қылмыс түрі екенін жастар түсінуі керек. Жұмыс істеймін деген адамға қалада кәсіп көп. Жеңіл ақша деп баруға, болашағына балта шабуға болмайды. Себебі бұл қылмыс түбі ашылады. Өкінішке қарай, түрмеге 10 жыл бұрын отырып, енді шығып жатқандар да қазір осымен айналысып, қайтадан қылмысқа баруда.

– Синтетикалық есірткінің жасалуы да оңай, оған тәуелділік те өте жылдам дейді. Наркологтар оның күшін қалай бағалайды?

– Нарколог дәрігерлердің айтуынша, синтетикалық есірткі затын 1 рет пайдаланғаннан-ақ физикалық және психологиялық тұрғыда тәуелділік пайда болады. Синтетиканы 1 рет пайдаланудан болатын әсер – жарты жыл бойына басқа кәдімгі есірткіні қолдану әсерімен бірдей болады екен. Көбіне синтетикалық есірткіні пайдаланатын жастар өмірін өзін-өзі өлтірумен аяқтайды.

– Ондай тәуелділікке жол бермеуде қандай профилактикалық жұмыстар жүргізіледі?

– Біздің міндетіміз – қылмысты ашу ғана емес, олардың алдын алу. Осы ретте былтыр басқа да мүдделі мемлекеттік органдар және ерікті азаматтармен бірге 700-ге жуық профилактикалық іс-шара өткізілді. Бәрі «Астана – есірткісіз қала» ұранымен өтеді. Профилактиканы жан-жақты жүргіземіз. Былтыр есірткі бизнесі, нашақорлықтың алдын алу бойынша кеңес құрылды, құрамына танымал спорт және өнер азаматтары іріктелді. Бұрын нашақорларды әлеуметтік жағдайына байланыстыратын, қазір керісінше ауқатты отбасылардың балалары да бұған бейім. Себебі синтетикалық есірткі адам ағзасына уақытша ләззат сыйлайды. Оны пайдаланғанда түрлі елестер келеді, өмірі әдемі жарқын болып көрінеді. Бұл – толық тәуелділік. Нашақордың немесе заңсыз есірткімен айналысушы күдіктінің өзі ғана емес, оған қатысты 20 шақты адамға дейін сол мәселемен басы қатады. Есірткімен және оның айналымымен күресте елорда тұрғындарының өздері байқаған және түсірген бейнежазбаларын тез арада анонимді сенім телефондарына хабарлап айтуын, жолдауын сұраймыз. Қоғам болып біріксек қана, еліміздің ертеңін құртып жатқан нашақорлық дертін азайтып, жоя аламыз.

ПРОКУРОРМЕН АШЫҚ СҰХБАТ

Астанада №91 мектеп-гимназияда оқушыларға кәсіби бағдар беруге бағытталған ерекше форматтағы кездесу өтті. «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында ұйымдастырылған «Құқық және тәртіп: қазіргі қоғамдағы заңгер мамандығы» тақырыбындағы іс-шара подкаст форматында өрбіді. Іс-шараның бастамашысы – мектеп жанынан құрылған «Болашақ прокурор» оқушылар клубы.

Кездесуге Сарайшық ауданының 17 мектебінен клуб мүшелері, сондай-ақ заңгерлік мамандықтарға және құқықтық тәртіп мәселелеріне қызығушылық танытқан №91 мектеп-гимназиясының 9-11 сынып оқушылары қатысты. Іс-шараның құрметті қонақтары ретінде прокуратура органдарының тәжірибелі қызметкерлері шақырылды. Атап айтқанда, Сарайшық ауданы прокуратурасының аға прокуроры Құралай Ізмұратова мен қоғамдық мүдделерді қорғау бөлімінің прокуроры Нұрдәулет Ешенқұлов оқушылармен ашық пікір алмасты.



Кездесу барысында қонақтар өздерінің мамандыққа келу жолы, қызмет барысындағы жауапкершілік пен прокуратура органдары жұмысының ерекшеліктері туралы мазмұнды әңгіме өрбітті. Сонымен қатар заң саласының негізгі бағыттары мен болашақ заңгерлерге қойылатын талаптар жан-жақты түсіндірілді. Құқықтық мәдениетті қалыптастыру, қоғам алдындағы жауапкершілік және күнделікті өмірде заң талаптарын сақтаудың маңыздылығы да назардан тыс қалмады.

Подкаст форматы еркін әрі ашық диалог орнатуға мүмкіндік берді. Оқушылар мамандық таңдау, прокурор қызметіндегі эмоционалдық жүктеме, нақты қызметтік жағдайлар және жастардың құқықтық мемлекет қалыптастырудағы рөлі туралы өздерін толғандырған сұрақтарын қойды. Әсіресе, кездесудің интерактивті бөлімі оқушылардың белсенділігін арттырып, шараның әсерлі өтуіне ықпал етті.

Бетті дайындаған **Райхан РАХМЕТОВА**

АЛАЯҚТАРДЫҢ АЙЛА-ТӘСІЛДЕРІН ТҮСІНДІРДІ

Құқыққорғау органдары өкілдерінің халықты түрлі алаяқтық әрекеттерден сақтандыру бойынша халықпен кездесулері жалғасуда. «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында сондай жиынды Астана қаласы Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің мамандары Есіл ауданындағы №54 «Нұр-ай» балабақшасының ұжымы мен ата-аналары үшін өткізді.

Астана қаласы Экономикалық тергеп-тексеру департаменті басқарма басшысының орынбасары Айсұлу Жалғасова балабақшада өткен жиында «Қаржы пирамидалары, қаржылық алаяқтық құрығына түспеу» тақырыбында ақпарат берді.

– Қазір оңай ақша табудың жолын ұсынатын жарнаманың түр-түрі кездеседі. Олардың бәрі дұрыс жолға бастамайды. 2021 жылдан бастап Қазақстанда 100-ге жуық қаржы пирамидасы жойылды. Олардың азаматтарға келтірген шығыны 37 млрд теңге болды, 86 мың салымшы анықталды. 226 адам сотталды. Бұлар қаржы пирамидасы екені нақты дәлелденіп, сотқа өткендері ғана, ал одан басқа әлі дәлелденбей жатқаны қаншама, – дейді А.Жалғасова.

Қаржы пирамидалары бойынша қылмыстарды тергеп-тексеру амалдарын жүргізумен ұзақ жылдар бойы айналысқан маман бұл салада мол тәжірибесі бар қызметкер ретінде көпшілікке алаяқтар құрбаны болмаудың амалдарын түсіндірді, олардың халықтың қалтасын қалай да қағу үшін баратын айла-шарғысын баяндап, қаржы пирамидаларының белгілерін атап берді. Ол әсіресе, отбасының жағдайын барынша көтеруге күйеуінен гөрі көбірек ұмтылатын әйелдер қауымы, декреттегі және үй шаруасындағы қыз-келіншектер және жасы келген қарттар сондай пирамидалар мен алаяқтардың құрығына тез түсіп қалатынын жеткізді.

– Қаржы пирамидасы екенін ажыратудың қарапайым белгілері бар. Біріншісі, ешқандай күш жұмсамай, өте көп табысқа кенелетініңізге үйіп-төгіп уәде беруі. Екінші, міндетті түрде жаңа клиенттер табуға шақыру. Үшінші, ғаламтордағы аспаннан алтын жаудыратын ғажайып жарнамасы, алайда жұмыс берушінің жүзін көрсетпеуі. Төртінші, компанияның Қазақстанда тіркелмеуі немесе жақында ғана тіркелуі. Қаржы тартуға лицензиясының болмауы. Бесінші, заңдық қолдауының жоқтығы. Алтыншы, салымды немесе жарнаны қолма-қол, криптовалютамен немесе мобильді банк аударымдары арқылы төлеткізуі. Сол үшін түбіртектердің берілмеуі. Негізгі белгілері осылар. Алайда заманауи қаржы пирамидалары қулығын асыруды үйреніп, түрлі инвестициялық жобалар, желілік маркетинг, тұтынушылық кооперативтері, криптобизнестің атын жамылып, астыртын әрекет етуде, – дейді маман.

Екінші спикер, осы департаменттің жедел уәкілі, анықтаушысы Шыңғыс Мейірбеков «Дипфейк және жаңа қауіп-қатер, дроптар деген кімдер?» тақырыбында ақпараттар берді.

– Бүгінде дипфейктер азаматтық қоғамға аса үлкен қауіп төндіріп тұр. Олардың саны 2019 жылдан бері 550 пайыз өскен. Қазақстанда ІІМ дерегі бойынша былтыр дипфейк бойынша 40 қылмыстық іс қозғалған. Бір мысал келтірейін, елордалық бір әйел өзін шетелдікпін деп таныстырған ер адаммен ұзақ уақыт ғаламтор арқылы жазысып, сөйлесіп жүріп, оған 9 млн теңгесін аударған. Ғаламтордағы махаббат әдемі ертегіге ұқсағанымен оның астарында алдап соғып, ақшасын алу сияқты арам ниеттің болу фактілері жиі кездеді, – дей келе маман дауыстық және бейнелік дипфейк, әлеуметтік желілердегі дипфейкті ажырату жолдарын түсіндірді.

Жиын барысында ата-аналарға қаржы пирамидаларының белгілері туралы түсірілген арнайы бейнероликтер көрсетілді. Департамент өкілдері халықтың көзін ашып, құқықтық сауаттылығын арттыратын осындай кездесулерді барлық мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында өткізуді жоспарлап отыр.

QARZHYSKILL ЧЕМПИОНАТЫ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

Астана қаласында М.Өтемісов атындағы Оқушылар сарайында 6-7 сынып оқушылары арасында QARZHYSKILL чемпионатының финалдық кезеңі өтті. Іс-шара «Заң мен тәртіп» қағидаты және «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасы аясында ұйымдастырылды.



Қаржылық мониторинг агенттігі мен «Астана дарыны» орталығы бірлесе өткізген іс-шараның мақсаты – оқушылардың қаржылық сауаттылығын арттыру, құқықтық мәдениетін қалыптастыру, адалдық пен жауапкершілік құндылықтарын дамыту.

Финалдық кезеңге аудандық іріктеу нәтижесі бойынша төмендегі білім беру ұйымдарының командалары қатысты, олардың саны – 48. Чемпионат қорытындысы бойынша I орын – №8 мектеп-лицейі командасына, II орын – №112 мектебі командасына, III орын №108 мектебіне берілді. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер дипломдармен, сыйлықтармен марапатталды.

№12 (4910) 31/01/2026 Сенбі



ЕБІМЕН ЕГІП ЕГІНДІ, ЕСЕЛЕП АЛ ӨНІМДІ

Қазақстан – ауыл шаруашылығы әлеуеті жоғары мемлекеттердің бірі. Егіс алқабы мен жайылымдық жер көлемі бойынша әлемде 6-орында тұрған еліміз бидай экспорттайтын жетекші 10 мемлекеттің қатарына кіреді, ұн экспорты да жыл сайын артып келеді. Биылғы жыл отандық агроөнеркәсіп кешені үшін ерекше нәтижелі жыл болды: 26,7 миллион тонна дақыл жиналып, соңғы он жылдағы рекордтық көрсеткішке қол жеткізілді. Бұл жетістік Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін нығайтып қана қоймай, халықаралық нарықтағы беделін де арттыра түсті.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Дегенмен, бұл көрсеткіштер Қазақстанның ауыл шаруашылығы өндірісі толыққанды өркендеп, саладағы барлық түйткілді мәселелер түбегейлі шешілді дегенді білдірмейді. Салада әлі де өнімділікті арттыру, технологиялық жаңғырту, су ресурстарын тиімді пайдалану және фермерлерді қолдау тетіктерін жетілдіру секілді өзекті міндеттер сақталуда. Оның үстіне, халқымыздың 40 пайызы ауылда тұратындықтан Агроөнеркәсіп кешені бүкіл елдің, әсіресе, ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасына тікелей әсер етеді. Осы мәселеге баса назар аударған Президент жақында «Түркістан газетіне» сұхбат берген кезде ауыл шаруашылығын дамытудың маңызына тоқтала келіп «Қазақстанда 2024 жылы 580 миллиард теңге, былтыр 1 триллион теңге жеңілдетілген несие берілді. Соңғы он жылда шаруаларға көрсетілген қолдаудың көлемі 10 есе артты, бірақ оның тиімділігі күмән тудырады. 2015-2024 жылдары ауыл шаруашылығындағы жалпы өнім көлемі 2,5 еседен астам өсті. Бұл көрсеткішті одан да көбейтуге болар еді» деген болатын.

Бұл арада мәселенің түп-төркіні бірнеше факторға тіреледі. Ең алдымен, қаржылық қолдаудың басым бөлігі өндірістің түпкі тиімділігін арттыруға емес, ағымдағы шығындарды жабуға бағытталып отыр. Субсидиялар мен жеңілдетілген несиелер көбіне өнім көлемін сақтап қалуға көмектескенімен, еңбек өнімділігін, технологиялық деңгей мен қосылған құнды жүйелі түрде өсіре алмады. Екіншіден, саладағы басқару мен жоспарлау мәселесі өзекті. Қолдау тетіктері жиі өзгеріп, ұзақмерзімді стратегияның болмауы фермерлердің инвестициялық шешім қабылдауына кедергі келтіреді. Бұған қоса, қаржының бір бөлігі шынайы өндірушіге емес, делдал құрылымдар арқылы тиімсіз жұмсалып жатқан жағдай да жоқ емес. Үшіншіден, инфрақұрылым мен технология мәселесі шешімін толық таппаған. Суару жүйелерінің кемелсіз әрі әлсіздігі, логистиканың әлсіздігі, сақтау және өңдеу қуаттарының жеткіліксіздігі өндірілген өнімнің бір бөлігінің ысырап болуына әкеледі. Нәтижесінде, ауыл шаруашылығы шикізат күйінде сатылып, жоғары табыс әкелетін өңделген өнім үлесі төмен болып отыр.

Сондай-ақ кадр тапшылығы, аграрлық ғылым мен тәжірибе арасындағы алшақтық, климаттық тәуекелдердің күшеюі де саланың қарқынды дамуына тежеу болып отыр. Осы факторлардың жиынтығы Қазақстанда ауыл шаруашылығының әлеуеті толық ашылмай, даму қарқынының баяулауына себеп болуда.

Президент сұхбатында «егін шаруашылығындағы нәтижелер өте жақсы болды. Астық пен ұн экспорты рекордтық деңгейге жетті, өнім жеткізілетін елдердің географиясы кеңейе түсті. Бұл – егіннің шығымдылығы мен ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыруға арналған шаралардың нақты нәтижесі» деп атап өткенімен, саланың шешімін күткен мәселелері аз емес. Өйткені рекордтық өнім мен экспорттың өсуі көбіне қолайлы ауа райы, егіс алқаптарының кеңдігі және экстенсивті өсімнің есебінен қамтамасыз етіліп отыр. Ал ұзақмерзімді әрі тұрақты даму үшін ішкі құрылымдық түйткілдерді шешу қажет.

> Президент жақында «Түркістан газетіне» сұхбат берген кезде ауыл шаруашылығын дамытудың маңызына тоқтала келіп «Қазақстанда 2024 жылы 580 миллиард теңге, былтыр 1 триллион теңге жеңілдетілген несие берілді. Соңғы он жылда шаруаларға көрсетілген қолдаудың көлемі 10 есе артты, бірақ оның тиімділігі күмән тудырады. 2015-2024 жылдары ауыл шаруашылығындағы жалпы өнім көлемі 2,5 еседен астам өсті. Бұл көрсеткішті одан да көбейтуге болар еді» деген болатын

Біріншіден, өнімділік мәселесі әлі де өзекті. Қазақстанда бір гектардан алынатын өнім көлемі дамыған аграрлық елдермен салыстырғанда төмен. Бұл тұқым сапасының әркелкілігіне, тыңайтқышты жеткіліксіз қолдануға және агротехнологиялардың толық енгізілмеуіне байланысты.

Екіншіден, су ресурстарын басқару мәселесі күрделі күйінде қалып отыр. Суару инфрақұрылымының тозуы, су үнемдеу технологияларының баяу енгізілуі және трансшекаралық су тәуелділігі егін шаруашылығының тәуекелін арттырады. Әсіресе оңтүстік өңірлерде су тапшылығы жыл сайын ушығып келеді.

Үшіншіден, климаттық өзгерістерге бейімделу деңгейі төмен. Қуаңшылық, температураның тұрақсыздығы және топырақтың құнарсыздануы жиілеп барады. Топырақ құнарлылығының төмендеуі егіннің тұрақты шығымына кері әсерін тигізуде.

Төртіншіден, сақтандыру және тәуекелдерді басқару тетіктері жеткілікті дамымаған. Көптеген шаруалар табиғи апаттар кезінде шығынды өтей алмай қалады, бұл олардың қаржылық тұрақтылығын әлсіретеді.

Бесіншіден, сақтау, өңдеу және логистика мәселесі шешілмей отыр. Астық, көкөніс қоймаларының жетіспеуі, тасымал құнының жоғары болуы және экспорттық бағыттардағы инфрақұрылымның әлсіздігі өнімнің өзіндік құнын өсіріп, фермер табысын шектейді.

Сондай-ақ салада цифрландыру деңгейі әлі де төмен, аграрлық ғылым жетістіктері өндірісте жеткілікті қолданылмайды, ал шағын және орта шаруашылықтардың нарыққа тікелей шығу мүмкіндігі шектеулі. Сондықтан егін шаруашылығындағы бүгінгі табыстарды сақтап қалу үшін тек көлемге емес, тиімділікке, технологияға және тұрақты дамуға басымдық беру қажет.

Қорыта айтқанда, Қазақстан ауыл шаруашылығында, әсіресе егін шаруашылығы саласында айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізіп отыр. Рекордтық өнім, астық пен ұн экспортының артуы және сыртқы нарықтағы позицияның нығаюы қабылданған шаралардың белгілі бір деңгейде тиімді болғанын көрсетеді. Алайда бұл жетістіктер саланың барлық мәселесі шешілді дегенді білдірмейді. Сондықтан алдағы кезеңде басты басымдық қаржы көлемін арттыруда емес, оның тиімділігін күшейтуде болуы тиіс. Ғылымға негізделген агротехнологияларды енгізу, су мен жер ресурстарын ұтымды пайдалану, өңдеу саласын дамыту және фермерлердің жауапкершілігін арттыру арқылы ғана Қазақстан ауыл шаруашылығын тұрақты әрі бәсекеге қабілетті деңгейге көтере алады.

БІР БАТЫРМА – БІР ҚЫЗМЕТ

Таңертеңгілік өмірімізді елестетіп көрейік. Автобус күтіп тұрмыз. Қолымызда – телефон. Бір батырмаға басамыз – жолақы төленді. Тағы бір батырма – балабақша кезегі тексерілді. Үшінші батырма – анықтама жүктелді. Бұрын бір күн кететін шаруалар қазір бір минутқа да жетпейді. Біз байқамайтын, бірақ күн сайын қолданып жүрген осы қарапайым әрекеттер – үлкен бір өзгерістің көрінісі. Ол өзгерістің аты – цифрландыру.

Елімізде 2026 жыл «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жариялануы бекер емес. Себебі бұл – жай ғана технологиялық тренд емес, бұл мемлекеттің, қоғамның және әр азаматтың өмір салтын өзгертуге бағытталған кезең. Әсіресе, соңғы жылдары жиі айтылып жүрген «бір батырма – бір қызмет» қағидаты цифрландырудың адамға жақын, түсінікті, нақты бейнесіне айналып келеді.

БАРМАЙ-АҚ ҚЫЗМЕТКЕ ЖҮГІНУ

Бір батырма – бір қызмет дегеніміз не? Бұл – мемлекеттік немесе жеке қызметті алу үшін артық құжат жинамай, ұзын-сонар кезекке тұрмай, делдал іздемей, бір ғана цифрлық әрекет арқылы нәтижеге қол жеткізу. Бүгінде Қазақстанда туу туралы куәлік алу, баланы мектепке тіркеу, жәрдемақы рәсімдеу, емханаға жазылу, айыппұл төлеу сияқты бірнеше қызмет түрлері цифрлық форматқа көшті. Мұның бәрі бір қарағанда қарапайым көрінгенімен, артында үлкен жүйе, күрделі логика, деректердің үздіксіз қозғалысы жатыр. Алайда кез келген жүйе мінсіз емес. Кейде портал «қатып» қалады, кейде дерек базалары бір-бірімен «сөйлеспей» қалады. Осындай сәттерде менде бір осындай сұрақ туады: «Егер цифрлық қызметтің логикасы әлсіресе, оның орнын жасанды интеллект толтыра ала ма?» IT-салада жасанды интеллектпен жұмыс істейтін маман, цифрлық жүйелерді интеграциялаумен айналысатын инженер Айдос Беков бұл сұраққа былай деп тоқталып өтті.

– Жасанды интеллект цифрландырудың орнына келмейді. Бірақ, оның әлсіз тұстарын күшейте алады. Мысалы, жүйеде логикалық қате болса, AI оны автоматты түрде байқап, қолданушыға балама жол ұсынуы мүмкін. Немесе азаматтың сұрағын нақты формаға салмай-ақ, мәтін арқылы түсініп, қажетті қызметке бағыттай алады, – дейді ол.

Маманның айтуынша, 2026 жылдан бастап цифрлық қызметтер тек «батырма басу» деңгейінде қалмай, диалогқа көше бастайды. Яғни, азамат цифрлы жүйемен сөйлесе алады, ал жүйе оны түсінеді. Бұл – жасанды интеллектінің ең үлкен артықшылығы.

ТЕХНОЛОГИЯ ЕМЕС, СЕНІМ МАҢЫЗДЫ

Дегенмен цифрландыру тек код пен алгоритмдерден тұрмайды. Ең басты мәселе – сенім. Қарапайым тұрғындар үшін цифрлық қызметтің жұмыс істеуі ғана емес, оның әділдігі мен қауіпсіздігі де маңызды. Астана қаласының тұрғыны Айгүл Сәрсенқызы бұл өзгерістерге оң көзқараста, бірақ күдігі де жоқ емес.

– Қазір көп нәрсе онлайн. Уақыт үнемдейді, ыңғайлы. Бірақ кейде бір қате кетсе, соны түзету үшін бәрібір адам іздейсің. Болашақта жасанды интеллект сол аралықтағы бос кеңістікті толтырса жақсы болар еді, – дейді ол.

Бұл пікір қоғамдағы жалпы көңіл күйді аңғартады. Адамдар цифрландыруды қабылдады, енді одан нақты нәтиже мен тұрақтылық күтеді.

ЦИФРЛАНДЫРУДЫҢ КЕЛЕСІ САТЫСЫ ҚАНДАЙ?

Сарапшылардың айтуынша, 2026 жылдан кейін «бір батырма – бір қызмет» қағидаты тағы бір жаңа деңгейге көтеріледі. Қызметтер алдын ала ұсынылады. Мысалы, баланың жасы жеткенде – мектепке тіркеу ескертуі немесе зейнет жасына жақындағанда – қажетті құжаттар тізімінің автоматты түрде келуі. Бұл жерде жасанды интеллект деректерді талдап, азаматтың өмірлік жағдайына бейімделген қызмет ұсынады. Яғни, мемлекет азаматтан бір қадам алда жүреді.

Цифрландыру туралы көбіне мамандар сөйлейді. Бірақ бұл өзгерістердің ішінде өмір сүріп жатқан жастардың көзқарасы да маңызды. Университет студенті ретінде біз бұл процесті сырттан бақылап қана қоймай, оның тікелей қатысушысына айналдық. Біз үшін цифрлық қызмет – таңсық емес, қалыпты жағдай. Бірақ, сонымен бірге біз жүйенің кемшілігін де тез байқаймыз. Сондықтан жасанды интеллекттің енгізілуі бізді керісінше, үміттендіреді. Өйткені AI – дұрыс қолданылса, адамның уақытын, жүйкені, ресурсты үнемдейтін құрал.

Биылғы жыл цифрландырудың жаңа парағын ашпақ. Бұл жыл «бір батырма – бір қызмет» ұғымын «мәдениетке» айналдыруы мүмкін. Ал жасанды интеллект сол мәдениеттің көрінбейтін маңызды тірегіне айналады. Ең бастысы, технология адам үшін жұмыс істеуі керек. Егер осы қағида сақталса, цифрландыру да, жасанды интеллект те қоғамның сеніміне ие болады. Ал сенім бар жерде – даму бар.

Әдемі КӘУКЕН,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті

Астана қаласының әкімдігі елорда мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Кендебай Сарыбайұлы Адамбекке аяулы анасы

Райхан Абдирбаеваның

дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.


Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің атынан елорда мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Кендебай Сарыбайұлы Адамбекке аяулы анасы

Райхан Абдирбаеваның

дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз.

ДАРЫНДЫ ХОРЕОГРАФТЫҢ ДАРА ЖОЛЫ

«Астана Опера» балет труппасының солисі, «Ерен еңбегі үшін» төсбелгісінің иегері Сұлтанбек Ғұмар – Қазақстанның классикалық балетінде өзіндік қолтаңбасын қалдырып үлгерген дарынды хореограф. Жаңа хореографиялық өрнек іздеудегі алғашқы талпынысын 2 жыл бұрын бастаған ол аз уақытта ұлттық бағыттағы бірегей қойылымдарымен Қазақстандағы ғана емес, еліміздің тыс жерлердегі де көрермендердің жүрегін жаулап үлгерді. Хореографтың көрермендер үшін тағы қандай жаңалықтары барын өзінен сұрап білдік.



– Сұлтанбек, көрермендер сізді «Астана Опера» солисі ретінде бұрыннан біледі. Сондай-ақ болашағынан зор үміт күттіретін хореограф ретінде де танылдыңыз. Бұл екі кәсіпті қатар алып жүру қаншалықты қиын?

– Кей тұстарда өзінің қиындығы, кейде артықшылығы да бар. Өзім труппада билеп, дене тұрқымды бірқалыпты сақтап тұрғаннан кейін әртістерге қимылды еркін көрсете аламын. Көбіне уақыттың тығыздығына байланысты қиындықтар болып жатады. Театр репертуарындағы спектакльдерде өнер көрсетуден және премьераларға дайындықтан бөлек, өзімнің жаңа нөмірлерімді қоюға уақыт табуға тырысамын. Кейде түскі ас ішпей жұмыс істейтін кездерім болады. Ал афишада Nomad Inspiration гала-концерті тұрса, онда барлық нөмірдің дайындығын өзім жүргіземін, сондай кездерде залдан мүлдем шықпай дайындаламыз. Дегенмен де мұндай мүмкіндігімнің болғаны бақыт деп есептеймін. Күш-қайратым барда еңбек етуім керек және қазақ балетінің дамуына өз үлесімді қосуға тиіспін. Біз бір ұжымда еңбек ететіндіктен, әртістердің мінезін, көңіл күйін, қабілетін сырттан келетін қоюшыларға қарағанда жақсы білемін. Біздің арамызда ешқандай тосқауыл жоқ, сондықтан өз қойылымдарыма әртіс таңдағанда қателеспеймін деп ойлаймын. Мен олардың әріптесі әрі досы болғандықтан, әртістер менің жанымда еркін ашылады. Дайындық барысындағы мұндай жылы атмосфера қойылымның сәтті шығуына әсер етеді.

– Қойылымдарыңызда тақырыптық шектеу болды ма?

– «Осындай тақырыпта қой» деп ешкім ешқашан айтқан емес, мен әрдайым өзімнің қалағанымды қоямын. Бәлкім, жұмыстарымның көрермендердің жүрегінен орын алып, жетістікпен ұсынылып жүргенінің тағы бір сыры осы шығар. Сондай-ақ биді қоятын кезде музыка авторларынан оның жазылу тарихын міндетті түрде сұрап аламын. Өйткені оның түпкі мәні мереке туралы болса, оған мұңлы би қойғаным жарамайды. Меніңше, музыка мен би бір-бірімен үйлесіп тұруы керек. Кішкентайымнан қазақ халық күйлерін тыңдап өстім. Домбыра, жетіген мен қобыздың үнін естісем, ерекше жігерленемін. Ұлттық аспаптардың үні «тарихты айтшы» деп сөйлеп тұрғандай болады. Музыканы естіген бойда санамда сурет пайда бола бастайды. Осы уақытқа дейін ұсынылған «ХасСақ» ансамблінің музыкасына «Рух», «Той бастар», «Аралым», «Кемел адам», «Аңсау», А.Райымқұлованың музыкасына «Mankurt», Х. Шанғалиевтің музыкасына «Әлем» композициялары осылай дүниеге келген еді.

> Музыка мен би бір-бірімен үйлесіп тұруы керек. Кішкентайымнан қазақ халық күйлерін тыңдап өстім. Домбыра, жетіген мен қобыздың үнін естісем, ерекше жігерленемін. Ұлттық аспаптардың үні «тарихты айтшы» деп сөйлеп тұрғандай болады. Музыканы естіген бойда санамда сурет пайда бола бастайды

– Осы ретте сіздің тырнақалды еңбегіңіз – «Рух» феномені жайлы айтып беріңізші.

– Ер-азаматтың намысын оятатын, қанаттандырып, рух беретін ұлттық хореографиялық қойылым жасау туралы көптен бері ойлап жүрген едім. Осы биді қоятын кезде Абылай ханның тарихын зерттедім. Байқасаңыздар, бұл нөмірде әртістер үш жүз секілді үш топ болып билейді. Әрбіреуінің тотемдік жануарлар – қасқыр, бүркіт және тұлпар бейнеленген өзінің таңбалық костюмдері бар. Ортасында солист бастап, күннің астында бәрін біріктіруге тырысады, арада жанжал туындайды, соңында барлығы биік белесті алғандай болады. Әртістердің ортадағы солисті жоғары көтеруі Абылайдың хан сайланғанын білдіреді. «Рух» жетістігінің сыры бірінші кезекте музыкасы шығар. Қойылымды жасау кезінде «ХасСақ» этно-фольклорлық ансамблінің «Аманат» атты композициясынан мол шабыт алдым. Бәрі содан басталды, сондай-ақ біздің бай тарихымыз әсер етті. Сөйтіп, труппадағы жігіттерді жинап, бір аптаның ішінде қойып шықтым. Әртістер идеямды тез қағып алып, құлшыныспен жүзеге асырды. Олардың көзіндегі қызығушылықты көргенде одан сайын шабыттандым. Театрдағы жұмысымыздан бөлек, жаңа қойылымға дайындалдық. «Рух» әбден дайын болғанда, труппамыздың көркемдік жетекшісі Алтынай Абдуахимқызына жүгініп, «Бір би қойып едім, көрсетсем бола ма?» деп едім, ол бірден қолдай кетті. Сөйтіп, басшылыққа ұнап, костюмдер тігілді. Міне, «Рухтың» тарихы осылай басталған еді. Жуырда осы хореографиялық қойылымның Мәскеуде Үлкен театрдың тарихи сахнасында таныстырылғаны – мен үшін естен кетпес оқиға.

– Сіз танымал балетмейстер Б.Эйфманның фестиваліне қатыстыңыз, сондай-ақ сіздің хореографияңыз Қытайда мойындалды. Осы жайлы және түрлі шығармашылық алаңдағы тәжірибеңіз туралы әңгіме өрбітейікші.

– Ресейдің халық әртісі Борис Эйфманның би академиясы ұйымдастырған «Жас хореограф» бүкілресейлік фестивалі менің хореограф ретінде қатысқан алғашқы фестивалім болды. Онда «Mankurt» авторлық миниатюрам балет сыншыларының жоғары бағасын алған еді. Атақты хореограф әрі ұйымдастырушы Борис Эйфманның өзі: «Қазақтар, жарайсыңдар!» деп ізгі лебізін білдірді. Сондай-ақ ресейлік балет сыншылары Шыңғыс Айтматовтың «Боранды бекет» романындағы мәңгүрттену сынды өте күрделі тақырыпты би тілінде ойдағыдай жеткізгеніме тәнті болды. Ляониндегі (ҚХР) балет әртістерінің бірінші халықаралық байқауында да қазылар алқасының құрамында балет өнерінің хас майталмандары болды. Әлем мойындаған сондай шеберлердің «Аңсау» атты жаңа нөмірім үшін маған «Үздік хореография» жүлдесін тағайындағаны – мен үшін үлкен мәртебе. Хореограф ретінде қатысқан қызықты жобалардың бірі – Астанада өткен V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары. Онда жанымдағы екі ассистентім Айбар Тоқтар және Нима Токовпен бірге «Астана Опера», «Астана Балет» театрларын, «Наз», «Бірлік», «Гүлдер» ансамбльдерін, одан бөлек сарбаздар мен Құрмет қарауыл ротасын біріктірген ауқымды көрініс қойдық. Әрине, 300-ден астам адаммен жұмыс істеу оңай болған жоқ. Бірақ қиыншылығына қарамастан, дайындық барысы өзіме қатты ұнады. Бұдан бөлек, Сингапурде «Чингай» жыл сайынғы жалпыұлттық шеруінде қоюшы хореограф ретінде еңбек еттім. Мұндай фестивальдер мен байқаулар, сан алуан жобалар шығармашылықпен айналысуға деген құлшынысымды одан сайын арттыра түседі.

– Алдағы жоспарыңыз қандай?

– Шындалудың шегі жоқ, сондықтан үнемі ізденісте жүремін. Адамдардың жүріс-тұрысынан, тіпті құлап бара жатқан сәтінен би элементтерін көремін. Негізі, мұның барлығы музыкаға байланысты. Қандай қимыл керек екенін музыка айтып тұрады. Қазіргі таңда мен заманауи композитор Хамит Шанғалиевпен бірлесіп жұмыс істеудемін. Ол «Мәңгіліктің төрт сыры» атты жаңа бір актілі балетімнің музыкасын жазуда. Бұл спектакль арқылы бүгінгі қоғамда өзекті болып отырған ерлі-зайыптылардың арасындағы түсініспеушілік тақырыбын көтеруге тырыстым. Онда бес жұп махаббаттың бес кезеңін – бір-бірімен енді қосылған ғашықтардың құштарлығын, бара-бара үйренісуін, бірін-бірі зерттеуін, арадағы қақтығыстарды, шынайы бет-бейнелерінің ашылуын, ал ең соңында бір-бірін бар болмысымен қабылдап, мәңгілік махаббатқа қол жеткізуін би тілінде баяндайды.

Сұхбаттасқан Райхан РАХМЕТОВА

ДОМБЫРА ТЕРБЕГЕН ТАҒДЫР

Домбыра – өткен мен бүгінді жалғайтын қасиетті көпір. Ал сол көпірдің үстінде өмірін өнермен өрген жандар аз емес. Солардың бірі – Астана қаласындағы №2 Өнер мектебінде домбыра пәнінен сабақ беретін Жанат Бекзатқызы Нахаева. Ұстаздың күнделікті еңбегі – тек күй үйрету емес, ұлт рухын шәкірт жүрегіне сіңіру.

Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ

Өнер жолы – баршаға бірдей бұйыра бермейтін соны соқпақ. Бұл жолды Жанат Бекзатқызы бала күнінен-ақ таңдапты. Туған жері – Түркістан облысы, Кентау қаласы. Мектеп қабырғасында жүргенде-ақ домбыра үніне ғашық болған ол 1986 жылы небәрі 11 жасында Кентау қаласындағы Музыка мектебінің табалдырығын аттайды. Сол мектепті 1991 жылы үздік тәмамдап, өнерге деген бала арманына бір қадам жақындай түседі.

Арман жетегіне ерік берген жас өнерпаз 18 жасында Шымкент қаласындағы Музыка колледжіне оқуға түсіп, «Қазақ ұлт аспаптары» бөлімінде төрт жыл бойы кәсіби білім алады. Бұл – болашақ ұстаздың өнер жолындағы маңызды кезеңдерінің бірі еді. Кейін 2000-2004 жылдары Түркістан қаласындағы Қазақ-Түрік университетінің «Өнер» факультетін аяқтап, домбыра өнеріне бірнеше сатылы терең дайындықпен келеді.

Еңбек жолын өзі түлеп ұшқан Кентау қаласындағы С.Бәйтереков атындағы музыка мектебінде бастаған Жанат Бекзатқызы он жыл бойы шәкірт тәрбиелеп, ұстаздық тәжірибесін шыңдайды. Ал бүгінде ол Астана қаласындағы №2 Өнер мектебінде домбыра пәнінен сабақ беріп, жас буынға ұлттық музыканың қыр-сырын үйретіп жүр. Ұстаз үшін әр сабақ – жай ғана күй үйрету емес, баланың ішкі әлемін ашу, өнер арқылы тәрбие беру.

Жанат Бекзатқызы шәкірттеріне бірдей талап қоя бермейді. Бірі күйді тез меңгерсе, бірі уақытты қажет етеді. Бірақ ұстаз үшін әр бала – жеке әлем. Ол өнер жолында асығыстықтың орынсыз екенін, ең бастысы, баланың домбыраға деген қызығушылығын жоғалтпау керектігін басты ұстаным санайды.

– Домбыра баланы сабырлылыққа, еңбекқорлыққа үйретеді. Әр күйдің артында тарих, тағдыр, тәрбие жатыр. Оны сезінбей тұрып, шынайы орындау мүмкін емес, – дейді ол.

Ұстаз еңбегінің нәтижесі де аз емес. Жанат Бекзатқызының шәкірттері қалалық «Күй қайнары», «Шаттық», «Жас талап», «Күмбірлеген домбыра» байқауларында топ жарып жүр. Республикалық деңгейдегі «Абыз домбыра», «Асыл мұра» өнер байқауларында жүлделі орындарға ие болған шәкірттері де бар. Тіпті халықаралық сахнада – Испания, Австрия, Түркия елдерінде өткен байқауларда да жеңіс тұғырынан көрінді. Өзі де кейде байқауларға қатысушы ғана емес, әділқазылар алқасының мүшесі ретінде шақырылады. Дегенмен, ұстаз үшін басты марапат – диплом мен медаль емес.

– Мен үшін ең үлкен нәтиже – баланың домбыраны жүрегімен сезінуі. Егер ол өнерді өмір бойы құрметтеп өтсе, ұстаз еңбегі ақталғаны, – дейді Жанат Бекзатқызы.

> Жанат Бекзатқызы шәкірттеріне бірдей талап қоя бермейді. Бірі күйді тез меңгерсе, бірі уақытты қажет етеді. Бірақ ұстаз үшін әр бала – жеке әлем. Ол өнер жолында асығыстықтың орынсыз екенін, ең бастысы, баланың домбыраға деген қызығушылығын жоғалтпау керектігін басты ұстаным санайды



Ұстаздық пен аналық мейірімді қатар алып жүрген ол өз баласына да, шәкірттеріне де өнерге адал болуды ісімен көрсетіп келеді. Күнделікті дайындық, үздіксіз ізденіс, домбыраға деген жауапкершілік – оның өмірінің ажырамас бөлігі.

Ұлттық өнерді ұрпақ санасына сіңіру – үлкен жауапкершілік пен табандылықты талап ететін жол. Осы жолда аянбай еңбек етіп келе жатқан Жанат Бекзатқызы Нахаева сынды ұстаздардың арқасында домбыра үні өшпей, қазақтың рухани мұрасы келер ұрпаққа аман жететіні сөзсіз.

№12 (4910) 31/01/2026 Сенбі



МЫҢБАЕВ МЕРЕЙТОЙЫ

Астанада Қазақстан ғылымы мен білім беру саласының көрнекті өкілі, академик Кәрім Мыңбаевтың туғанына 120 жыл толуына арналған конференция өтті. Ғалымның атындағы №59 мектеп-лицейде ұйымдастырылған іс-шара «Инновациялар мен сабақтастық: Кәрім Мыңбаевтың ғылыми идеялары заманауи контексте» деп аталды.

Райхан РАХМЕТОВА

Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияны өткізуге қалалық Білім басқармасы, Астана қаласы әкімдігінің Әдістемелік орталығы мұрындық болды. Мақсаты – Кәрім Мыңбаевтың идеяларын насихаттау, пәнаралық ғылымды, білім алушылармен педагогтердің ғылыми-зерттеу қызметін дамыту, жаратылыстану-ғылыми және гуманитарлық бағыттағы педагогтердің өзара тәжірибе алмасу. Жиынға Оқу-ағарту министрлігі орта білім беру комитеті, Қазақ ұлттық аграрлық Ұлттық аграрлық ғылыми – білім беру орталығы, С.Торайғыров университетінің «Мониторинг» ғылыми-зерттеу орталығы, Мемлекет тарихы институтының ғылыми-ақпараттық бөлімі өкілдері, Л.Н.Гумилев ЕҰУ тарих кафедрасының оқытушылары, жаратылыстану пән мұғалімдері қатысты. Конференцияда білім алушылар мен педагогтердің ғылыми-зерттеу дағдыларын дамыту, заманауи ғылым мен білімнің өзекті мәселелері талқыланды.

– Бүгінгі конференция – ұлттық ғылым тарихындағы тұлғалардың ғылыми мұрасын зерделеуге, олардың ел дамуына қосқан өлшеусіз еңбегін жас ұрпақ санасына жеткізуге бағытталған маңызды алаң. Кәрім Мыңбаев – отандық биология және ауыл шаруашылығы ғылымдарының дамуына ерекше үлес қосқан, қазақ ғылымының іргетасын қалаушылардың бірі. Оның ғылыми қызметі терең ізденіспен, кәсіби жауапкершілікпен және мемлекет мүддесіне адал қызмет етумен ерекшеленеді. Ғалымның өмір жолы – бүгінгі педагогтер мен жас зерттеушілер үшін табандылықтың, ғылымға адалдықтың және отансүйгіштіктің айқын үлгісі. Мемлекет басшысының білім мен ғылымды дамытуға бағытталған стратегиялық бастамалары аясында ұлттық зияткерлік әлеуетті арттыру – білім беру жүйесінің негізгі басымдықтарының бірі болып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, мұндай ғылыми-тәжірибелік конференциялар оқушылардың зерттеушілік қабілетін дамытуға, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға және білім мен ғылымның өзара сабақтастығын нығайтуға мүмкіндік береді. Астана қаласындағы К.Мыңбаев атындағы №59 мектеп-лицейінің» ғылыми бағыттағы жүйелі жұмысы мен педагогикалық бастамалары жалпы орта білім беру ұйымдары үшін озық тәжірибе ретінде бағалауға лайық. Бүгінгі конференция аясында ұсынылатын баяндамалар мен ғылыми жобалар жас ұрпақтың ғылымға деген қызығушылығын арттырады деп сенемін, – деді Оқу-ағарту министрлігінің өкілі Зейнеп Мақсұтова.

Іс-шара бірнеше секциялардан тұрды. Атап айтқанда, ғалымның ғылыми және тарихи мұрасын зерттеу, жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдардың пәнаралық байланыстарын дамыту, білім алушыларды зерттеу іс-әрекетіне ынталандыру, педагогикалық тәжірибемен алмасу, мектептер, лицейлер, жоғары өзара қарым-қатынасын нығайту бағытында баяндамалар тыңдалды.

КІТАПХАНАЛАР КЕЛІСІМІ

Астана қаласының Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі мен Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ғылыми кітапханасы арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Іс-шараға қалалық Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Гүлбадан Мәдібаева, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті ғылыми кітапханасы директорының орынбасары Жанар Бекайдарқызы қатысты.

Ынтымақтастық аясында жоғары оқу орнының ғылыми кітапханасы өзінің электрондық ресурстары мен ресми сайттарына қолжетімділік ұсынды. Бұл оқырмандарға ғылыми, оқу және анықтамалық ақпаратты іздеуде, сондай-ақ заманауи білім беру материалдарымен жұмыс істеуде қосымша мүмкіндік береді. Ал ғылыми кітапхана оқырмандары елорданың Орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты 25 қалалық кітапхананың кез келгеніне жүгініп, аталған ресурстар мен сілтемелерге қол жеткізу бойынша кеңес пен көмек ала алады.

ҚОБЫЗ КЕШІ

Елордада Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымының әртісі, Мәдениет саласының үздігі Мақсат Медеубектің «Qobyz soul – dastur» концерті өтті.

Кеш қобызды кеңінен дәріптеу, оның орындаушылық мүмкіндіктерін таныту және дамыту мақсатында ұйымдастырылды. Оның барысында көрермен қобыздың бай тарихымен, оның шығу тегі мен көркемдік ерекшеліктерімен танысу мүмкіндігіне ие болды. Дәстүр мен жаңашылдықты тоғыстырған музыкалық кеш көне үн мен заманауи сахналық өнердің үйлесімін айшықтап, рухани әсерге бөледі. Көрермендер ғасырлар тереңінен жеткен сырлы сарынға, қобыз үніне құлақ түрді.

«Қобыздың түпкі қызметі бақсылық дәстүрмен тығыз байланысты болып, сол заманнан жеткен әуендік сарындар сақталған. Осы сарындардың негізінде дәстүрлі күйлер орындалып, сонымен қатар әнге сүйемелденіп, жыр-термелер айтылған. Бүгінде қобыз заманауи талаптарға сай академиялық бағытта дамуда. Яғни, Антонио Вивальди, Вольфганг Амадей Моцарт, Йозеф Гайдн, Иоган Себастьян Бах сынды әлемдік композиторлардың шығармаларын орындауға мүмкіндік беріп отыр. Сонымен бірге эстрадалық бағытта да қобыздың әлеуеті зор, аспап арқылы жеңіл каверлік туындыларды орындап, кең аудиторияға насихаттауға болады.

«Qobyz soul – dastur» концерті түркі дүниетанымына негізделіп, сол халықтардың музыкалық мұрасын көрерменге ұсынумен ерекшеленді. Концерт барысында түркі елдеріне тән қобыз орындау техникасы мен әдіс-тәсілдері көрсетілді» деді кеш иесі.



Бұл кеш қобыздың қылынан төгілген әрбір саз өткен мен бүгінді сабақтастырып тұрған рухани алтын көпір екеніне көз жеткізіп, ұлттық өнерге деген тағзымның, ата-баба мұрасына деген құрмет пен іздеттің көрінісі іспетті болды.

Дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

ЖҰМЫС УАҚЫТЫ СОЗЫЛАДЫ

Елордадағы байырғы кітап ордаларының бірі Мұхтар Әуезов атындағы Орталық қалалық кітапхананың жұмыс уақытын биыл түнгі 11.00-ге дейін созу жоспарланған. Бұл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында берген тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылады. Бұл жайында Астана қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Жаңабай Мейірманқұлов «Абай» телеарнасының «Сарасөз» бағдарламасына берген сұхбатында айтты.

«Бұл кітапхананың жанында Лев Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті орналасқан. Ал қала кітапханаларына студенттер көп келеді. Сол себептен аталмыш кітап ордасының жұмыс уақытын созу тәжірибесі енгізіледі. Егер бұл тәжірибе өзін ақтаса, әрі қарай тәулік бойы жұмыс істейтін болады» деді Жаңабай Мейірманқұлов.



Ерекше атап өтерлігі, былтыр Мұхтар Әуезов атындағы Орталық қалалық кітапхана жаңғыртудан кейін қайта ашылды. Бас қаладағы ең ірі болып саналатын осы кітапхана 1974 жылдан бастап жұмыс істейді. Оған 2005 жылы заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтің аты берілді. Кітап қоры көркем әдебиет, анықтамалық, энциклопедиялық және шетел әдебиеттерін қосқанда 130 мың дананы құрайды. Оқырмандар саны 7 мыңнан асады. Ал жыл бойына бұл кітапханаға 70 мың оқырман келеді. Олардың қолына бір жылда 80 мың кітап беріледі. Кітапхананы жаңғырту жұмыстарына материалдық-техникалық базаны да күшейту кірді. Атап айтқанда, жаңа жиһаздар мен тиісті техника сатып алынды.

Астана қаласы Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Гүлбадан Мәдібаеваның айтуынша, алдағы ақпан айында заңғар жазушының аты берілген кітапхана сағат 21.00-ге дейін жұмыс істей бастайды. Жұмыс уақыты 23.00-ге дейін жазғы мезгілде ауысуы мүмкін.



ЕКІ ҒҰМЫР
31/01 18:00
Жас көрермендердің музыкалық театры



Күй анасы – Дина
31/01 16:00
Филармония залы



МӘНШҮК
01/02 18:00
Жас көрермендердің музыкалық театры



МАХАББАТ МҰҢЫ...
01/02 19:00
Жастар театры



«РОЗА БАҒЛАНОВА»
06/02 19:00
«QAZAQSTAN» залы

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС
Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс №12
Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Райхан РАХМЕТОВА